

ФИЛОЛОГИЯ ИЛИМДЕРИ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
PHILOLOGICAL SCIENCES

Салим Ербол Калтурсынулы

**ЛИНГВОЭЛ ТААНЫМДЫК СӨЗДҮКТҮН ӨНҮГҮҮ
ЭТАПТАРЫ**

Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы

**ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СӨЗДІКТИҢ ДАМУ
КЕЗЕНДЕРІ**

Салим Ербол Калтурсынулы

**ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ ЛИНГВОЭТНОЛОГИЧЕСКОГО
СЛОВАРЯ**

Salim Erbol Kultursynuly

**DEVELOPMENT PHASES OF LINGUISTIC AND
ETHNOLOGICAL DICTIONARY**

УДК: 81.1'25/811

Макалада автор лингвоэл таанымдык сөздүктөрдүн келип чыккан тарыхын изилдейт. Аны орус изилдөөчүлөрдүн эмгектери менен байланыштырып, өткөн кылымдын 70-жылдары пайда болгон лингвоэл тааным жөнүндөгү түшүнүктүн лингвоэл таанымдык сөздүктөрдү түзүү менен байланышканын көрсөтөт. Ошону менен бирге батыш лексикографиясындагы лингвоэл таанымдык көзкараштардын жаралыш мезгилдери жөнүндө да сөз болот. Макалада Казакстандагы лингвоэл таанымдык сөздүктөрдүн жаралуу тарыхына көңүл бөлүнгөн. Автор казак лексикографиясында атайын лингвоэл таанымдык сөздүк болбогону менен, XVIII-XIX кылымдарда түзүлгөн бир катар сөздүктөр элди таануу максатында түзүлгөндүгүнө байланыштуу, аларды лингвоэл таанымдык сөздүктөргө шарттуу түрдө жаткызууга болот деп эсептейт. Алар лингвоэл таанымдык сөздүктөр деп аталбаса да, анын ичиндеги маалыматтар лингвоэл таанымдык сыпаттагы элементтерге бай экенин көрсөтөт. Ушул өңүттө ошол кылымдарда пайда болгон бир нече сөздүктөргө токтолуу менен, алардын катарында 1778-жылы жарык көргөн «Скалон сөздүгүнөн» баштап, Н.И. Ильминский баштаган бир нече сөздүктөрдү мисалга келтирет.

Негизги сөздөр: лингвоэл таануу, сөздүк, тарых, маданият, тил, тил билими, лексикография, сөздүк макала, окутуу сөздүктөр, элемент.

Макалада автор лингвоэлтанымдык сөздүктөрдүн шыгу тарыхын қарастырады. Лингвоэлтанымдык сөздүктөрдүн шыгуын орыс ғалымдарының еңбектерімен

байланыштырып, өткөн ғасырдың 70-жылдары туындаган лингвоэлтаным ұғымының лингвоэлтанымдык сөздүктөр жасаумен байланысқанын көрсетеді. Сонымен бірге батыс лексикографиясындагы лингвоэлтанымдык көзкарастың бастау алған кездері де мақалада сөз болған. Мақаланың мазмұнында Қазақстандағы лингвоэлтанымдык сөздүктөрдің шыгу тарихына көп көңіл бөлінген. Автор қазақ лексикографиясында лингвоэлтанымдык сөздүк болмағанымен, XVIII-XIX ғасырда жасалған бірқатар сөздүктөрді елді таныту мақсатында жасалғандығына байланысты лингвоэлтанымдык сөздүктөр санатына шарты түрде жатқызуға болады деп есептейді. Оларды лингвоэлтанымдык сөздүктөр деп атама са да, оның ішіндегі ақпараттар лингвоэлтанымдык сыпаттагы элементтерге бай екенін көрсетеді. Осы тұрғыда сол ғасырда пайда болған бірнеше сөздүкке тоқталады. Олардың қатарын 1778 жылы жарық көрген «Скалон сөздігінен» бастап, Н.И. Ильминский тікелей бастамашы болған бірнеше сөздүктөр мысалдарымен келтіреді.

Кілітті сөздер: лингвоэлтаным, сөздік, тарих, мэдениет, тил, тил білімі, лексикография, сөздік мақала, тилүйретім, элемент.

В статье автор рассматривает историю происхождения лингвострановедческих словарей. Связывая издание лингвострановедческих словарей с трудами русских ученых, свидетельствует о том, что понятие лингвострановедения, возникшее в 70-е годы прошлого века, связано с созданием лингвострановедческих словарей. Также в статье говорилось о начале лингвострановедческого подхода в Западной лексикографии. В содержании статьи большое внимание уделялось истории

возникновения лингвострановедческих словарей в Казахстане. Автор считает, что в казахской лексикографии не было лингвоэтанческих словарей, хотя некоторые словари, сделанные в XVIII-XIX вв., были сделаны с целью демонстрации страны, полагают, что они относятся к категории лингвострановедческих словарей. Хотя их не называют лингвострановедческими словарями, информация, содержащаяся в них, показывает, что она богата элементами лингвоэтнологического характера. В этом контексте автор останавливается на описании нескольких словарей, возникших в том же веке. Их ряды начинались со «словаря Скалона», изданного в 1778 году и Н.И. Ильминский одним из первых приводит примеры нескольких словарей.

Ключевые слова: лингвоэтнология, словарь, история, культура, язык, языкознание, лексикография, словарь, статья, обучающие словари, элемент.

In the article, the author considers the history of the origin of linguistic dictionaries. By linking the publication of linguistic scholarship dictionaries with the works of Russian scholars, it shows that the concept of linguistic and cultural studies, which arose in the 1970s, is connected with the creation of linguistic and cultural dictionaries. The article also talked about the beginning of the linguistic approach in Western lexicography. In the content of the article, great attention was paid to the history of the emergence of linguistic-dictionaries in Kazakhstan. The author believes that in Kazakh lexicography there were no lingual-cultural dictionaries, although some dictionaries made in the XVIII-XIX centuries were made to demonstrate the country, they are considered to fall into the category of linguistic-cultural dictionaries. Although they are not called linguistic research dictionaries, the information contained in them shows that it is rich in elements of a linguistic cultural background. In this context, it stops at the description of several dictionaries that appeared in the same century. Their series began with the "Scolon dictionary", published in 1778, and N.I. Ilminsky was one of the first to give examples of several dictionaries.

Key words: linguistic ethnology, dictionary, history, culture, language, linguistics, lexicography, dictionary, article, learning dictionaries, element.

Лингвоэтаным елтанымдық бағдардағы лингвистикалық оқу пәні ретінде кәсіби талқылауларға 70-жылдардан бастап ене бастады. Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың айтуына қарағанда бұл термин ең алғаш рет 1971 жылы "Шет елдіктерге орыс тілін үйретуде елтанымның лингвистикалық проблематикасы" атты кітапшада пайдаланылған, терминге 70-жылдардың орта тұсына дейін тіпті соңына дейін көпшілік үйрене алған жоқ дейді [1].

Мәскеуде 1976 жылы оқу лексикографиясына арналған Бірінші бүкілодақтық конференция болды, онда түрлі типтегі оқу сөздіктерінде елтанымдық ақпараттарды беру түрі мен формасы мәселелері қарастырылды, сонымен қатар

лингвоэтанымдық аспектіні оқу лексикографиясына енгізу мәселесі де сөз болды [2, 287-292]. 70-жылдардың басында Е.М. Верещагин мен В.Г.Костомаровтың қазіргі кезде кең танымалы, лингвоэтанымның негізін қалайтын "Тіл және мәдениет" еңбегі жарық көрді. Онда тілдерді оқыту кезіндегі лингвоэтанымдық бағыттың, лингвоэтанымдық лексикография негіздерінің дамуында тұжырымдық маңызға ие негізгі теориялық ерекшеліктері қалыптастырылды.

Лингвоэтанымдық лексикографияның айтарлықтай терең теориялық негіздері Е.М. Верещагин мен В.Т. Костомаровтардың сөздің лингвоэтанымдық теориясына арналған еңбегінде қарастырылды, ондағы арнайы тарауларда лингвоэтанымдық лексикография бастауларына талдау жасалды, олардың ұстанымдары мен даму басымдықтарына тоқталды [3]. Осы кезеңде кеңес одағында пайда болған (әсіресе орыс лексикографиясында) барлық лингвоэтанымдық сөздіктер осы зерттеуде әзірленген сөздің лингвоэтанымдық теориясы ережесін басшылыққа алуға тырысты, бірақ еңбекте көрсетілген қағидалар толығымен сақтала қойған жоқ. Онда аялық және эквивалентсіз лексиканы лексикографиялау, мысалы, сөздік мақаланың қатаң бірізділік формасы ұсынылды.

Лексикографияның жалпы мәселелерін қалыптастырудағы Я.В.Щербаның ойы бұл саладағы маңызды және лингвоэтанымдық лексикографияда басшылыққа алынатын пікір болды. Ол шет тілін үйрену үдерісін қамтамасыз етудегі мүмкін болатын екі тілді лексикографиялық модульге қатысты шет тілі үйренушіге арналған арнайы мамандандырылған сөздікті жасау туралы айтқан ойы болатын. Щерба оқушының ана тілінде шет тілінің түсіндірмелі сөздігін жасауды ұсынды, онда түсіндіруді қарапайымдататын сөздердің көрінісі де болу керектігін айтты, бірақ олардың шет ел сөзінің нағыз табиғатын танып білуге ешқандай зиянын тигізбеуі керектігін де назардан тыс қалдырмауды айтты [4, 301].

А.С.Мамонтовтың айтуына қарағанда тіл мен мәдениет саласының зерттеушілерінде лингвоэтаным мен салыстырмалы лингвоэтанымның қалыптасуындағы уақыттың параметрлері жөнінде бірізді пікір жоқ [5]. Ю.Е.Прохоровтың көзқарасы бойынша – ол 80-жылдардың басына сәйкес келеді [6]. В.В. Сафонова болса дәстүрлі лингвоэтанымнан салыстырмалы лингвоэтанымға көшу кезеңін – тіл мен мәдениет құбылыстарын оқушының ана тілі мен мәдениетіндегі құбылыстармен салыстырылуы – 70-жылдардың

аяк жағына тура келеді деп есептейді [7].

Ю.Е.Прохоров осы кезеңдегі лингвоелтаным жөніндегі түсініктердің қарама-қайшылығын бұл саладағы жұмыстың жан-жақты дамуымен байланыстырады, олардың практикалық жұмыстар мен ғылыми-әдістемелік зерттеулерде орын алғанын көрсетеді, соңында 80-жылдың аяғында лингвоелтаным саласы тоқырауға ұшырайды [6].

Кеңес одағындағы лингвоелтанымдық сөздік тұжырымдамасы ХХ ғ. 70-жылдары қалыптасты. Батыс лингводидактикасында 70-80-жылдары мәдениетаралық қарым-қатынас қағидалары қалыптасып, кез келген тілдің иесіне бағытталған жаңа оқу лексикографиясының даму үрдістері анықталған еді. Ресейде оқыту барысындағы тәжірибелік қажеттіліктерді сезіну лингвоелтаным мен лингвоелтанымдық лексикографияның теориялық тіректерінің дамуы негізінде жүзеге асты. Бір жағынан, бұл кезеңде «тіл білімінде, - деп жазды 1981-ж. Ю.Н. Караулов, - теориялық жұмыстарды арттыру, яғни нақты сипаттамалардың мол, бірақ жоғары деңгейде болу үрдістері қалыптаса бастады. Ол сипаттамаларда әдетте енді ғана жаңа бағыттар белгіленіп, ұсынылатын идеяның бірқатар мүмкіндіктері көрсетіледі, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті бағыт-бағдар көрсетіледі» [8, 28].

Қазақстанда жасалған елтанымдық сөздіктердің жай-күйіне келер болсақ, Қазақстан ХVІІІ ғасырдан бастап Ресейге тәуелді болғандықтан қазақ тіліндегі сөздіктер қазақ және орыс тілдерін үйрету ісіне бағытталды. Осы кезеңнен бастап жазылған қазақ тіліне қатысты сөздіктер мен сөздік типтес оқу құралдары, негізінен, осы екі тілді үйрету мақсатына қызмет етті. Жалпы тілүйретім сөздіктері бір жағынан «ел танытқыш» қызмет атқаруы тиіс болатын. Әрине ол қазіргі замандағы лингвоелтанымдық сөздіктердің деңгейінде жасалған жоқ. Дегенмен, мақсаты айқын болғандықтан осы сөздіктерде белгілі бір дәрежедегі лингвоелтанымдық сөздіктердің элементтері қамтылып отырылды. Осы ретте сонау ХVІІІ-ХІХ ғасырларда түзілген бірқатар оқу сөздіктерінің үлгі боларлықтай жөні бар.

Қазақ тіліне қатысты алғашқы оқу сөздіктерінің бірі – 1778 жылы жазылған, «Скалон сөздігі» аталып кеткен орысша-қазақша қолжазба сөздік болды [9, 6-7]. Сөздіктің алғысөзінде жазылғандай, сондай-ақ, оның құрылымынан байқалғандай, бұл еңбек әрі қазақ тіліне мұқтаж болған орыстарға қажет болса, әрі қазақтардың орыс тілінде сөйлесу дағдыларын қалыптастыруға

қажетті құрал болған. Қазақ даласындағы лингвоелтанымдық сөздіктің бастамасын осы еңбектен бастауымызға болады.

Оқу сөздіктері мен сөздікшелерінің жеке басылым түрінде шығарылумен қатар, қазіргі қазақ тіліндегі елтанымдық сөздіктер сияқты олардың оқу құралының ішінде берілуі де жиі кездеседі. Мұндай жағдай Қазақстандағы, қазақ жеріндегі тілді оқыту тәжірибесінде баршылық. Өткен ХІХ ғасырда қазақ елі патшалық ресей әкімшілігіне тәуелді болғандықтан қазақтарға орыс тілін үйретуге деген сұраныс болды. Бұл әрі елді басқаруға қажетті екі тілді тең білетін лауазымды адамдарды, әскери мамандарды, ұсақ шенеуніктерді, тілмаштар мен хатшыларды даярлау үшін қажет еді. Сондықтан, қазақ даласында әскери адамдар, ұсақ шенеуніктер, тілмаштар, хатшылар (писарь) дайындайтын мектептер ашылды. Солардың алғашқыларының бірі болып 1850-жылы Орынбордағы шекаралық комиссия жанынан қазақ балаларына орыс тілін үйрететін мектеп ашылды. Осы мектепті ашу жайлы қаулыда (§2): «Негізгі мақсат - жергілікті жерлердегі шекаралық басқармаларда істейтін тілмаш, сұлтандардың қасында іс қағаздарын жүргізіп отыратын хатшыларды және қазақтар ғана істей алатын басқа да қызмет түрлерін атқаратын адамдарды дайындау», - делінген болатын [10].

1850-жылдары Орынбор қазақтары облысының бастығы болып В.В.Григорьев тағайындалады. Бұл кейін ғылым жолына түсіп, белгілі шығыстанушылардың бірі болған адам еді. В.В.Григорьев Н.И.Ильминскийді тілмаштық, Ы.Алтынсаринді кіші тілмаштық қызметке алады. Қазақ балаларын орысша оқытатын мектептер ашуға, ол мектептерге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, сөздіктер даярлау ісіне кіріседі. Осы мақсатпен Н.И. Ильминскийге қазақ балаларын орыс тіліне жаттықтыратын тілашар оқулық жазуды тапсырды. Н.И.Ильминскийдің қазақ балаларына арнап жазған тілашар оқулығы «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген атпен 1861 жылы Қазан қаласында жарық көрді.

Н.И.Ильминскийдің айтуынша, кітапшадағы араб әріптерімен жазылған қазақша мәтіндердің бәрін де Орынбор облыстық кеңсесіндегі аудармашылардың бірі Бақтияров жазып шыққан. Араб графикасын қолдану Н.И. Ильминскийге орыс әріптерін, сөздерін ұғынықты түсіндіру үшін, әдістемелік жағынан қажет болғаны даусыз. Бұл оқулық үш бөліктен тұрады. Алғашқы

бөлігін дыбыстар, әріптер, негізгі грамматикалық қағидалар жайлы қысқаша кіріспе, екінші бөлігін тілашар, үшіншісін хрестоматиялық материалдар деуге болады. Тілашар қазақы тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін ашады. Бастан-аяқ ауызекі сөйлеу тілінде жазылған. Н.И. Ильминский кітаби сөздерді принципті тұрғыдан қолданбаған. Оқулықтың 13-бетінен кейін диалог түрінде ат-жөн, амандық-саулық сұрасудан, адамның қайдан, қашан, не мақсатпен келгендігін сұрасудан басталатын дастарқан басындағы әңгіме, базардағы сауда, нарық жағдайы айтылған соң, орыс тілін үйрену жайлы сөз қозғалады» [9, 27-28]. Бұл сөздіктің нақты елтану мақсатында жазылғандығына дәлел бола алады. Өз тапсырмаларының бірінің орындалғанына риза болған В.В.Григорьев: «бұл - әлем жаратылғаннан бері қазақ тілінде жазылған тұңғыш кітап» – деп жазады. Сонымен, бұл еңбек, біріншіден, қазақ балаларына арналып жазылған елтанымдық еңбек, екіншіден, аты оқулық болғанымен, бастан-аяқ қазақша-орысша тілүйретім сөздігі түрінде жазылған, үшіншіден, ауызекі сөйлеу тілінің материалдарына негізделген актив сөздік түрінде орындалған еңбек.

Аталмыш еңбекпен бір мезгілде, дәл осы 1859 жылы екінші бір оқулық жарық көрді [11]. Оның авторы – М.Бекчурин еді. Ол Орынбордағы кадет корпусында араб және парсы тілдерінен дәріс оқитын, сонымен қатар шекаралық комиссияда тілмаштық қызмет атқаратын еді. М.Бекчурин шекаралық комиссия жанынан қазақ балаларына арналып ашылған мектепте де 1850 жылдан 1869 жылға дейін, яғни мектеп жабылғанша жұмыс істеді М.Бекчурин де өз еңбегін В.В.Григорьевтің тапсырмасымен жазған болу керек. Оқулық «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с кратким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий башкир и киргизов и приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей» деп аталады. Бұл еңбек те салыстырмалы тілүйретім сөздігі түрінде жазылған. Сөздікшедегі сөздер орысша-парсыша-татарша-қазақша-башқұртша бағандарда орналастырылған. Бұл еңбектің басты адресаты – Орынбордағы кадет корпусында оқитын орыс тілді шәкірттер болды. Сонымен, бұл сөздікше-оқулық әскери адам-дарға арналып жасалған еді.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ елінде тілүйретім мақсатында жазылған және бір еңбектің авторы да, жоғарыда сөз болған

Н.И.Ильминский болды. Бұл Қазан қаласында 1861 жылы жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбек еді [12]. Еңбек екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте қысқаша грамматикалық очерк берілген де, екінші бөлікті сөздік құрайды. Сөздік пен очерк өзара байланысты, бірін бірі ашатын, бірін бірі толықтыратын бөліктер. Сөздік еңбектің алғашқы грамматикалық бөлігіндегі дыбыстардың орналасу тәртібіне сай, бір жүйе бойынша құрылған. «Материалдар» - өзінің құрылымы жағынан да, жанры жағынан да тілүйретім сөздігі болып табылады. Көлемі шағын да болса, үлкен жүк арқалап тұрған, қазақ тілін актив тұрғыдан үйретуге бағдарланған сөздікті қазіргі лексикографияның талаптары тұрғысынан қарастырғанда, минимум сөздіктер қатарына қосуға болады. Бұл шығарманың адресаты ашық жазылған: «белгілі бір себептермен қазақ тіліне қардар болған шығыстанушыларға арналған». Н.И.Ильминскийдің көпшілікке кеңінен таныс еңбегінің құрылымы, ғылыми сипаттамасы, тіл тарихындағы орны туралы Б.Әбілқасымовтың мақаласында жан-жақты сөз болады [13].

Тілүйретім мақсатындағы сөйлесу сөздіктерін құрастырған адамның бірі - белгілі журналист Адальберт-Войтех Викентьевич Старчевский (1818-1901) болды. Ол көптеген тілдердің сөздіктерін, тілашарларын (сөйлеу сөздіктері), грамматикаларын құрастырды. Оның құнды еңбектерінің бірі - «Спутник русского человека в Средней Азии...» атты тілүйретуші лингвоелтанымдық кітабы еді [14]. Бұл кітапта қазақ тілінің қысқаша грамматикалық очеркі (26-39-бб.) және қазақша-орысша сөздік (285-468-бб.) беріледі.

Жұмағұл Көшербаевтың «Қысқаша орысша-қазақша жол сілтеуші» (Краткий русско-киргизской дорожник со словарем) атты еңбегіндегі алғашқы 30 бет - екітілді сөйлесу сөздігі [15]. Лексикография тарихын зерттеуші М.Малбақовтың пікірі бойынша, кітапша әкімшілік өкілдеріне, әскери адамдар мен жер өлшеуші мамандарға арналған. Еңбектің 31 бетінен бастап жолсерікке қосымша сөздік беріледі. Тақырыптық аясы төмендегідей: туыстық атаулар (ағайын, жұрағат), адамның жас ерекшелігі мен жұмыс бабына байланысты атаулар, тағам, ыдыс, киім-кешек, жол жабдығы, көпшілік орындар, кеме атаулары, құрал-жабдықтар, үй жануарлары, аңдар, құстар, балықтар, шыбын-шіркейлер мен бауырымен жорғалаушылар, ағаштар, жеміс-жидек, көкөніс атаулары, дәнді дақылдар мен гүлдер, үй, көлік,

өсімдік құрылысы, дене бөліктері, табиғат құбылыстары мен жер бедері, металдар мен минералдар, аспан денелері, есеп, ақша, уақыт өлшемдері, салмақ пен ұзындық өлшемдері, өсімдіктер, сапа мен қасиет, іс-қимыл мен қалып [9, 43-44]. Демек, байқалып отырғандай, бұл еңбекте екі құрылым да (әліпбилік және тақырыптық) ескерілген. Бұл еңбекті де, сөзсіз, тілүйретімдік, елтанымдық мақсатта жазылған туынды ретінде қабылдау қажет.

Осылар секілді сол замандағы тілүйретім сөздіктерінің барлығында дерлік лингвоелтанымдық сипат болды деп айта аламыз. Оның негізгі себебі қазақға орыс тілін үйрете отырып, олардың мәдениетін, күнделікті өмірін таныстыру болса, қазақтарды өзінің уысында ұстап отыруға ынталы орыстарды қазақ мәдениетімен, оның күнделікті өмірде қолданатын сөздерімен т.б. жан-жақты таныстыру болды. Дегенмен осылай дей отыра біз оларды таза лингвоелтанымдық сөздіктердің қатарына қоса алмаймыз. Оның себебі біріншіден орыс ғалымдарының өздері оларды лингвоелтанымдық сөздіктердің қатарына қосқан жоқ, екіншіден ол сөздіктерде лингвоелтанымдық сөздіктердің элементтер кездескенімен, оның негізгі қағидалары сақталмады.

Әдебиеттер:

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. Изд-е 4-е. - М.: Русский язык, 1990. - 246-б.
2. Денисов П.Н. Первая общесоюзная конференция по учебной лексикографии и методике обучения лексике / Актуальные проблемы учебной лексикографии. Сост. В.А.Редькин. - М.: Русский язык, 1977. - 287-292-бб.
3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слова. - Москва: Русский язык, 1980. - 320-б.
4. Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии. / Языковая система и речевая деятельность. - Л: Наука, 1974. - С. 265-304.
5. Мамонтов А.С. Язык и культура. Сравнительный аспект изучения. - Москва, 2000. - 187 с.
6. Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в преподавании русского языка как иностранного: Автореферат дисс. док. педогогич. наук. - Москва, 1996. - 38 с.
7. Сафонова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. - Воронеж: Истоки, 1996. - 273 с.
8. Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус русского языка. - М.: Наука, 1981. - 366 с.
9. Малбақов М. Қазақ сөздіктері. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 112-б.
10. Алекторов А.Е. Очерк народного образования в Тургайской области. - Оренбург, 1900.
11. Бекчурин М. Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с кратким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий башкир и киргизов и приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей. - Казань, 1859.
12. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.
13. Абилкасимов Б.Н. Ильминский И. – первый исследователь казахского языка. / Советская тюркология, 1974. - N3.
14. Старчевский А.В. Спутник русского человека в Средней Азии... - СПб., 1878.
15. Кушербаев Ж. Краткий русско-киргизский дорожник со словарем. - Омск, 1906.

Рецензент: д.филол.н. Кенжебаев Д.О.